

МРНТИ 18.41.51.

Ф. Бұлданова¹*¹Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжі
Қызылорда, Қазақстан***ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ДАУЫСТЫ ДҰРЫС ҚОЮ****Аннотация**

Осы мақаланың мақсаты дауыс бойынша егжей-тегжейлі ұсыныстар беру болып табылады. Автордың айтуынша, оқыту үрдісі музыка зерттеумен байланысты екенін оқушы терең танымал және басқа да элементтер іс жүзінде негізделген кешенді даярлауды көздейді. Маңызды стиль сезімі дамыту болып табылады, түрлі театр *vystupleniyah.Obyazatelnyum* факторы студенттік қатысу процесінде қалыптасады және өсірілетін авторлардың, жанрлар мен стильдердің санын барынша үлкен, соның ішінде кең музыкалық репертуар, білу болып табылады. Ол үнемі дауыс мутация оның мәртебесі мен мерзімін оқитын және мониторинг, ән машинаға жақын назар аудару өте басынан бастап ұсынылады. Сондықтан осы шығарылымда орындаушының жеке жетілдірілуіне арналған арнайы бағдарламаны қосу туралы шешім қабылданды. Кәсіптік оқыту проблемалары жаңа болмайды. оң нәтижелерін анықтау мақсатында түрлі ұлт әншілер тобымен лирикалық өнер «Città di Osimo» академиясында дене шынықтыру Рим институты жүргізген ғылыми-зерттеу тобымен «психомоторлық оқыту». Мәселе қазір авторы проблемалық ұзақ және қиын оқыту оқытудың жеткіліксіз болып себебі оның жас суретшілер арасында жетілген орындаушылардың болмаған жатады. авторы жемісті оқыту процесі адал қажетті нұсқауларды жүзеге асыру, олардың білім беру сапасы үшін кейбір кім жауапты, мұғалім мен оқушының арасындағы белсенді ынтымақтастықты талап деген қорытындыға келеді.

Тірек сөздер: өнер, бағыт, кешенді оқыту, әдістемелік ұсыныстар.**Ф. Бұлданова¹***¹Қызылординский музыкальный колледж имени Казанғапа
Қызылорда, Казахстан***ИННОВАЦИОННЫЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ДЛЯ ПРАВИЛЬНОЙ ПОСТАНОВКИ ГОЛОСА****Аннотация**

Цель данной статьи – представить подробные рекомендации по постановке голоса. По мнению автора, учебный процесс подразумевает комплексное обучение, основанное на том, чтобы ученик глубоко познавал и другие предметы, связанные с изучением музыкального искусства. Важным является и развитие чувства стиля, формируемое и культивируемое в процессе участия ученика в различных сценических выступлениях. Обязательным фактором является также знание обширного музыкального репертуара, включающего возможно большее количество авторов, жанров и стилей. Рекомендуется с самого начала уделять пристальное внимание певческому аппарату, постоянно изучая и контролируя его состояние и период мутации голоса. Именно поэтому было решено включить в данное издание специальную программу по физическому совершенствованию исполнителя. Проблемы профессиональной подготовки не новы. Достаточно привести научное исследование, проведенное Римским институтом физической культуры в Академии Лирического Искусства «Читта ди Осимо» с группой певцов разных национальностей с целью выявить позитивные результаты «психомоторного тренинга». Проблемой настоящего времени автор называет отсутствие зрелых исполнителей среди молодых артистов, причиной чему становились неадекватность преподавания, проблематичность долгого и сложного обучения. Автор приходит к выводу, что плодотворный учебный процесс требует активного сотрудничества между учителем и учеником, который несет определенную ответственность за качество своего образования, добросовестно выполняя необходимые указания.

Ключевые слова: искусство, режиссура, комплексное обучение, методические рекомендации.

F. Buldanova¹

¹ Kazangap Kyzylorda college of music,
Kyzylorda, Kazakhstan

CORRECTLY INCORPORATING VOICE-GUIDED INNOVATION METHODS

Abstract

The purpose of this article is to provide detailed recommendations on the voice. According to the author, the learning process implies a comprehensive learning, based on the fact that the student deeply learned other subjects related to the study of musical art. Important is the development of a sense of style, formed and cultivated in the process of the student's participation in various stage performances. An important factor is also the knowledge of the extensive musical repertoire, which includes as many authors, genres and styles as possible. It is recommended from the outset to pay close attention to the singing machine, constantly studying and monitoring its state and the period of mutation of the voice. That is why it was decided to include in this edition a special program for the physical perfection of the performer. The problems of professional training are not new. It is enough to remind the scientific research carried out by the Roman Institute of Physical Culture in the Academy of Lyrical Art "Citta di Osimo" with a group of singers of different nationalities in order to reveal the positive results of "psychomotor training". The author calls the present-day problem the lack of mature performers among young artists, the reason for this was the inadequacy of teaching, the problematic nature of long and complex learning. The author comes to the conclusion that a fruitful educational process requires active cooperation between the teacher and the student, who has a certain responsibility for the quality of his education, following in good faith the necessary instructions.

Keywords: Art, direction, comprehensive training, methodical recommendations.

Өнердің кәусар туындысы халық өмірінің терең және мөлдір қайнарларынан шымырлап шығады да, сол халықтың өзінің рухани сусынына айналады. Өнер – адамзат баласының рухани байлығы.

Әр студенттің өзіндік ерекшелігі, өзіне тән табиғаты бар. Олар өздерінше тыныс алады, дем алады. Мінез-құлықтары да әр жағдайда әртүрлі өзгереді. Осы жайларды ұстаз ескере отырып, студенттің жан тебіренісін, сезімін түсіне біліп, оған үңіле білсе, олар бірін-бірі тез ұғынады. Яғни, студент ұстаз жолын ұстанып, бағыт-бағдарын меңгеріп, тез тіл табысады. Ендеше, ол ұстаздың студент жүрегінен жол табуына үлкен септігін тигізбек. Яғни оқушылармен дауыс қою сабағын жүзеге асыру барысында дауыс аппаратын сақтау және дауыс гигиенасы мәселелері бойынша дидактикалық және көрнекті құралдарды – концерттік және оқу видеофильмдерін, электронды оқулықтарды, оқу және әдістемелік – оқу құралдарын қолдана отырып, инновациялық технологиялар қосылған дәстүрлі оқу жүйесін пайдалану керек.

Дауыс диапазонының айту барысында «Кеуде және бас резонаторларымен» сәнделетін болса, жақсы қойылған дем деп саналады. Дауыстың кеудеде және баста жаңғырықтануына байланысты дауыс регистрлері бастық және кеуделік дем алады. Бас жаңғырығында дауыс анық, қатты шығады. «Маскада» дауыс шығару әншілік дыбысты дұрыс ұйымдастыру, көрсеткіштерінің бірі. Бас резонаторын сезіну әртүрлі әншілерде түрліше жерлерде пайда болады.

Резонатор деп акустикада серіппелі қабырғаларға жиналған ауа көлемін айтады. Резонатордың ерекше белгісі – оның өзінің тонымен немесе обертоңдарымен сәйкес келетін, белгілі жоғарылықтағы дыбысты жаңғыртуы, резонатордың көлемі, ауаның көлемі неғұрлым аз болған сайын, оны дыбыстататын жаңғыртқыштың тоны соғұрлым жоғары болып келеді.

Бас резонатор – бастың бет тұсында, «маска» аумағында таңдай күмбезінен жоғары орналасқан қуыстар. Жоғарғы резонатор ұғымына енетін барлық қуыстар сүйек және шеміршек қуыстарында орналасқан, яғни өзінің көлемін, сонымен бірге резонаторлық

қасиеттерін өзгерте алмайды. Олар адамда жаратылысынан берілген күйде, өзгеріссіз қалады. Тек мұрын қуысы ғана, жұмсақ таңдайдың қозғалымдылығына байланысты өз көлемін өзгерте алады және өңеш қуысымен әртүрлі дәрежеде байланысады.

Мұрын мен оның қуыстары көлемі кішігірім ауамен толған кеңістік болып саналады. Мұрынның ең кең қуысы – жоғарғы жақтың және гайморлық диаметрінде 3 см. аспайды. Демек, бұл қуыстар дауыс дыбысының жоғарғы обертондарына жаңғырықтай алады. Ұзындығы 3 см. түтікше, бір жағы анық болса, шамамен 3000 гц жиілікке жаңғырта алады, бұл жоғарғы әншілік формантаның аумағы.

Сөйтіп, бет аумағындағы резонатор құбылыстары ауыз-көмей қуыстары арқылы өтетін әнші дауысының тембірінің құрамында жоғарғы әншіліктегі обертондар көп болған жағдайда пайда болады және жарқын көрініс табады. Мұрынның тасымалдаушы қуыстары осы обертондарға «жауап қатады». Әнші дауысының дыбысының ауыз-көмей каналы арқылы өткенде күші азаяды, өйткені оның энергиясының басты бөлігі қуыстар қабырғаларына беріліп біртіндеп өшеді. Дыбыс энергиясы қатты ұлпалар бойынша, әрине, мұрынның тасымалдаушы барып жетеді. Ондағы ауаны қозғалтып, ол жаңғырық құбылысын туғызады. Дыбыс ауа жолдары арқылы тікелей мұрын қуысына бармайды. Егер таңдай пердесі нашар көтерілсе, дауыстың жаңа реңкі – маңқалық пайда болады. Сөйтіп, жақсы әншілік дыбыс шығу үшін мұрынға баратын қуысты жұмсақ таңдайдың толық жабуын немесе болар-болмас қуыс қалдырылуын қажет етеді.

Резонатор бастың бет тұсының майда қуыстары көмекейден шыққан бастапқы дыбыста жоғарғы обертондар көп болғанда, онда әншілік форманда анық көрініс бергенде ғана жаңғырық береді. Дауыстың жылтыры, сыңғыры – онда жоғарғы әншілік формантаның барлығының нәтижесі, ал ол көмекейде дауыс қатпарларының тығыз бірігуі мен көмекей қуысының қатпар үстілік жаңғырығына байланысты пайда болады, яғни олар резонатор құбылыстарына тәуелді емес, көмекейдің бастапқы тембірімен қалыптасады. Жоғарғы резонатор тек дыбыстың осы қажетіне жауап қатады. Бас резонаторы – дұрыс әншілік дыбыс шығудың маңызды көрсеткіші. Ән салуды үйренушілердің жаңғырықтың түйсіктерінің дамуына аса зор зейін қою керек. Мұны екінің бірі бірден түсіне бермейді, сол себепті көптеген педагогтар осы түйсіктерге алып келетін тәсілдер қолданады.

Дауыс қатпарларын тығызырақ біріктіру және көмекейдің жұмысын дұрыс ұйымдастыру тембрде көбірек сыңғыр, ашықтық пайда болуына алып келеді, бұл сол сәтте бас резонаторының жауап қатуына алып келеді. Шабуыл жасау немесе тыныс тірегі арқылы көмекейдің жұмысын белсендіру дыбыста жоғары жиіліктің сонымен бірге бас резонаторының пайда болуына алып келеді.

Әншінің ән салу барысында кеуде қуысында сезінетін дірілдер – бұлар трахея мен өкпе ұлпасының қолтықтағы арқылы таралатын дыбыс толқулары, олар өкпенің дыбыс жұтушылық қасиеттеріне байланысты әбден әлсіреп жетеді. Бас жаңғыртушылығына артықшылық беру, оның маңыздылығына қарамастан, біртіндеп дауыстың қысылуына, дыбыстың негізділігін жоғалтуға алып келеді. Кеуде жаңғыртқышымен шектен тыс пайдалану дауысты ауырлатады, регистрлік ауысымдар белгі береді, жоғары қарай жылжу қиындап, дауыс шайқалады және бұрмаланады.

Әншілік дауыстың регистрі деп біртұтас физиологиялық механизм орындаған бірнеше шығатын дыбыстарды айтады. Ерлер дауысында екі негізгі регистр (кеуделік және фальцеттік) және бір өтпелілік болады. Әйелдер дауысында үш регистр (кеуделік, орта және бастық) және тиісінше екі өтпелілік болады.

Өтпелі ноталардан төмен дауыс күшті шығатыны белгілі. Бұл көркем, толық, әншілік тембр, дауыс оңай түрлендіріле алады, және әншінің субъективтік сезінуінше, оның «кеудесінде» шығып тұр.

Дауыстың және фальцеттік шығуы дауыс қатпарларының жұмыс сипатына байланысты. Кеуделік регистрде олар бүкіл ұзындығында тығыз бірігеді, ал тербелістерде ожау тәріздес шеміршектер қатысады, ол фальцеттікте – ожау тәріздес шеміршектер бір-біріне тығыз жабысып, дауыс қатпарларының жиектерінің араларында ұршық тәріздес

қуыс пайда болады. Дауыс қатпарларының осындай әртүрлі жұмыс істеуінің нәтижесінде пайда болған дыбыс тембрі, күші және дыбыс жоғарылығы мүмкіндіктері бойынша ерекше бөлектенеді. Қатпарлардың тығыз жабысулары және олардың жұмысқа толық кірісуі обертондары бай тембр, күші барған сайын үдей түсетін және тембр бояулары бай дауыс шығарады. Дауысты қалқалаудың мәнісі жоғарғы регистрде күшті қатпарастылық қиынды теңестіретін, сөйтіп дауыс байласдарының регистрлерді араластыру жұмысын жеңілдететін жалғама түтікшесінде көбірек импеданс туғызу болып табылады. Микстеу, немесе араластыру, дауыс қатпарларының жұмысының ерекше белгісіне жатады

Дыбысты бүркемелеу – жалғама түтікшенің импедансын арттырады. Қалқалау – осы екі сәт бірігетін тәсіл. Шын қалқалау тек дыбысты бүркемелеумен ғана емес, сонымен бірге дауыс аппаратының жұмысына өзгертумен де байланысты. Әншілік сөздің құрылуы қажетті міндет, бірақ ол дұрыс қалыптасқан әнші дыбысының негізінде шешіледі. Әншіге сөздердегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды дауыстың кантилендік, құйылмалы сипатын бұзбайтындай, әсем әнші дауысты мелодиялық желісі икемді әрі бейнелі береріндей етіп құру керек. Сөздер болса вокалдық желіге тізілулері тиіс.

Ән салу кезінде жұмсақ таңдай мұрын қуысына жолды жабатын жапқыш қызметін атқарады. Жұмсақ таңдайдың жұтқыншақ қабырғасына толық жабыспауы дыбысқа мұрындық сипат бере қоймайды.

Едәуір қуыс мұрындық сырыл шығарады, ол айтарлықтай қуыс мыңқылдақтыққа алып келеді. Жұмсақ таңдай – таңдай күмбезінің, ауыз – көмекей тірегінің қабырғаларының бірінің бөлігі. Жұмсақ таңдайдың қызметі туралы мәселе әр тұлғаға байланысты жеке шешіледі, ол дұрыс аппаратының онымен межелес бөліктерінің құрылымына, және дауыстың типіне байланысты, сонымен бірге ауыз – жұтқыншақ каналының жалпы формасы мен канал арқылы өтетін дыбыстың спектріне жасалынатын әсерге байланысты. Жұтқыншақ түйсік бойынша кең, бос болуы керек. Жұтқыншаққа күш түскен кезде дыбыс қысылып, көмекейден шыққандай бояу алады.

Жұтқыншақты «кеңейту» үшін есінеу, ауызына «ыстық картоп» салғандай сезіну, ауаны жұту қалпын әншілік кезінде сақтау т.б. тәсілдер керек. Музыкалық шарықтаудың екпінді буындармен сәйкес келмеуі аудармаларда жиі ұшырасады. Әрбір әнші бұл қиыншылықты жеңе білуге тиіс. Ол үшін вокалдық дауыстыларды араластыру өнерін үйрену, олардың мәтінді сөйлеу түріндегі табиғи естілуінен бастау алу қажет.

Вокалға сөздік интонациялар мен акценттерді енгізу біліктілігі де үлкен роль атқарады, олар сөзге әсемдік береді. Бейнеліліктің сөздік элементтерін музыкалық шығармаға ендіру сипатылық, өлшем стиль сезімдерін сақтай отырылып, іске асырылуға тиіс. Әндегі анық, табиғи және көркем сөз вокалдық болып, дауыстың бірқалыпты, икемді және бейнелі естілу желісінің бүкіл бойын кернеп тұруы керек.

Дауыс тірегі сезімі ерекше, дұрыс қажеттелген дауыс шығарумен бірге жүретін дауыс аппаратының жұмысын әнші үшін ұғымды үйлесімге түсірудің нәтижесі болып табылатын сезім. Тірек сезімі ең алдымен дем алу бұлшық еттерінің жиырылу дәрежесімен, қатпарастылық қысымның күшімен, ауа ағысының дауыс жапқышы арқылы өту күшімен ұқсас келетін сезім. Тірек сезімі көмекей жұмысын жеңілдетеді, демалу бұлшық еттерін жігерлі түрде іске қосқанда және қатпарастылық қысымның көтерілгенінде дауыстың шыдамдылығына пайдалы әсер етеді.

Вокалдық сапаларды жетілдіру әруақытта есту қабілетін дамытудан туындайды. Сол себепті дұрыс әншілік дыбыс туралы түсініктерді тәрбиелеу білім алушының естуін дамыта отырып, бірмезгілде дауыс аппаратының жұмысын жақсартуға және қажетті вокалдық дағдыларға қол жеткізуге ұмтылатын педагогтың бірінші қамқорлығы болып табылады. Байқалған кемшіліктерді түзетуге белгілі мақсатты жаттығулар, вокализдер, дауысқа қажетті бағытта әсер етуші репертуар қызмет етеді. Шығарманың мазмұн, мазмұн дұрыс, бейнелі бере білу, музыкалық түсінік пен оны вокалдық арасында байланыс орнату, орындаушылық шеберлік пен техникасы арасын байланыстыра білу – дауысқа қойылатын негізгі талап.

Жаттығулар жүйесін, вокализдерді, көркем – педагогикалық репертуар әрбір педагог үшін міндетті. Музыкалық репертуарды дұрыс таңдай білген жағдайда әншілер сөз жоқ бұрынғыдан да күрделірек репертуарды меңгереді. Қандай да болмасын жаттығуды, вокализді тапсырма ретінде бере отырып, педагог жаттығудың мақсаты қандай, техникалық тұрғыдан ол не береді, қажетті оң нәтижеге жету үшін қандай тәсілдерді, қандай қимылдарды пайдалану керек екендігі жөнінен алдын ала әңгіме өткізеді. Оқу нәтижелі болу үшін педагог нені мақсат етіп отырғандығы туралы жақсылап түсіндіруі және көрсетуі, ал білім алушы оны жақсылап тыңдауы, түсінуі және орындауы керек, өйткені дауыспен салып көрсетудің ерекше маңызы бар.

Түсіндіру өзінің мақсатына жету үшін ол анық, түсінікті болып, аса қажетті элементтеріне ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Әншілік дағдыларды табысты дамыту үшін оларды қалыптастыруға көмектесетін барлық айла-тәсілдерді қолдау керек: дауысты дамыту үшін вокалдык-педагогикалық материалды мақсатты – бағдарлы іріктеу, пайдалы фонетикалық жаттығуларды таңдау, дауысымен салып көрсету, қажетті бұлшық ет-дене қимылдарын жасау, сөзбен түсіндіру. Оқушының вокалдык қабілеттерін жан-жақты зерттеу және оны кәсіби вокалдык ән салуға бейімдеу.

Білім алушының денесін дұрыс ұстауға үйрету. Дауыс аппаратының құрылымы және оны ән салу кезіндегі функциясымен, өнештің қалыбы, артикулция, резонаторларды қолданумен таныстыру. Тыныс алудың негізгі принциптерін меңгеру: диафрагма жұмысы, қабырға арасы бұлшық еттерінің, кеуде қуысының жұмысымен таныстыру. Әншілік тыныс алу дұрыс дыбыс шығару мен вокалдык техниканы дамытудың негізі және көркемдік әсерлілік құралы ретінде. Тыныс алудың үш негізгі түрі: бұғаналык, төменгі-қабырға аралык, қабырғалык диафрагмалык және құрсақтык. Ән салуда әдетте төменгі-қабырғалык диафрагмалык тыныс алу қолданылады.

Педагог оқушының дауыс регистрлерін сипаттап, өтпелі ноталарын анықтауы тиіс. Әйелдер мен еркектердің бүкіл дауыс диапазонын тегістеу жұмысының принциптері бірдей. Дауыс регистрлерін араластыру бүкіл диапазонды тегістеу мен жоғары ноталардың толыққанды дыбысталуы үшін қажетті тәсілдердің бірі болып табылады. Сонымен қатар кантиленді сипаттағы өзге де, бір дыбыстан екіншіге біркелкі, баяу ғана жылжитын мелодиялық шығармаларды пайдаланған дұрыс. Ноталык материалды үйрену деңгейі мен дауыстың мүмкіндіктерін қарастырғанда бірізділік пен сатылық принципті сақтаған дұрыс. Білім алушының жеке қалауын ескеру жас әншіге тәрбие мен білім беру сияқты кешенді жұмыстың жалпы талаптарымен үндесіп жатуы керек. Вокализдер, ариозо, қарапайым романстар, әндер бойынша мақсатты түрде жұмыс жүргізу жас орындаушының музыкалық, интеллектуалдык, вокалдык дамуының негізі болады.

Дауысты вокалдык-техникалық жағынан жетілдіру. Репертуарды кеңейту, бағдарламаның кейбір бөлімдерінің екпінін қысқарту, вокалдык шығарманың мағынасын түгел ұғыну дағдыларын дамыту. Дауысты вокалдык-техникалық жетілдіру және орындаушылық дағдыларын дамыту.

Әдебиеттер тізімі

1. *Дмитриев, Л.* Основы вокальной методики. – М., 2004. – 368 с.
2. *Мелани, М.* Поговорим немного о вокале. – Алматы, 2003.
3. *Фучито С., Бейер, Б.* Искусство пения и вокальная методика Энрико Карузо. 2-е изд. — Л.: Музыка, 1967. — 78 с.
4. *Туранқұлов, Д.* Сырлы сөз сахна сәні. 3том. – Алматы; Білім, 2016 ж. – 192 б.
5. *Бағрунов, В.П.* Азбука владения голосом. Для болельщика. – СПб, 2002 –69 с.

References (transliterated)

1. *Dmitriev, L.* Osnovy vokal'noj metodiki. – M., 2004. – 368 p.
2. *Melani, M.* Pogovorim nemnogo o vokale. – Almaty, 2003.

3. *Fučito S., Bejer, B.* Iskusstvo peniâ i vokal'naâ metodika Ènriko Karuzo. 2-e izd. — L.: Muzyka, 1967. — 78 p.
4. *Turanqulov, D.* Syrly söz sahna sãni. 3tom. – Almaty; Bilim, 2016 ž. – 192 p.
5. *Bagrunov, V.P.* Azbuka vladeniâ golosom. Dlâ bolez'šika. – SPb, 2002 –69 p.

Автор туралы мәлімет:

Булданова Фарид – Казанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің оқытушысы, «Вокал» бөлімі.

Сведения об авторе:

Булданова Фарид – педагог Кызылординского музыкального колледжа имени Казангапа, отделение «Вокал».

Information about the author:

Farida Buldanova – teacher of the Kazangap Kyzylorda College of Music, the Vocal department.